

Бөрлі ауданы Приурал ауылдық округі Приурал ауылындағы кейбір көше атауларын қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Приурал ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 21 қыркүйектегі № 21 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 қазанда № 4069 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Приурал ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Приурал ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бөрлі ауданы Приурал ауылдық округінің Приурал ауылындағы кейбір көше атаулары:

"Ленин" көшесі – "Достық" көшесі;

"Приуральская" көшесі – "Сарыбала" көшесі;

"Степная" көшесі – "Жетекші" көшесі;

"Набережная" көшесі – "Ақжайық" көшесі деп қайта аталсын.

2. Приурал ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Ж. М. Мухамбетова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамсыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

Т. Раимкулов